

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, I

Орыс формализмі, жаңа сыншылдық
және поэзия бөліміне кіріспе





Мақсаты: орыс формализмі мен американдық жаңа сын тұжырымдарының қалыптасып дамуына салыстырмалы талдау жасау.

Кілт тіркестер: абстракт идеялар, сенсорлы нысандар, диалогизация, коннотативті мағына, орыс формализмі, американдық жаңа сын.

Негізгі идеялар:

- XX ғасырдағы орыс формализмінің ерекшеліктері және оның ізбасарлары.
- Әдебиет әлеуметтік тақырыптарды қозғайтын «терезе» емес, ол көзді тарта білетін жазба болу керек.
- Орыс формалистерінің еңбектеріндегі дефамилиризация актісі (әрекеті).
- Мазмұн мен пішін туралы дәстүрлі және жаңа түсінік.
- «Американдық жаңа сын» және оның идеялары.

Еуропалық әдебиеттанушылар әдеби зерттеулерін ғылыми бағытқа ұластыруға тырысса, американдық теоретиктер әдебиет пен ғылым арасындағы айырмашылықты ажырату мақсатын көздеді. Клинт Брукс сияқты жаңа сыншылардың айтуына қарағанда, ғылым нысанын құрайтын сөздер мен әдебиеттегі сөздер мағыналық жағынан бір-бірінен бөлектеніп тұрады. Олар көркем шығармадағы сөздердің мағынасы қосымша коннотативті, яғни бағалағыштық сипатқа ұласады деп есептеді. Оның астарында терең рухани түсініктер де көрініс табады деп сипатталды. Ғылымдағы сөздердің мақсаты нақты заттардың табиғаты мен шынайы ерекшелігін анықтауға негізделсе, әдебиеттегі шынайы сөздер күрделі троптар мен ирония, парадокс сияқты құралдардың көмегі арқылы беріледі деп түсіндірілді. Сөздер арасында пайда болған семантикалық шиеленісушілік ғылыми лексикаға тән сенсорлық нысанға қарағанда, абстракт идеяларды еске салды. Жаңа сыншылар идеалистік дәстүрді әдеби әдістер мен пішіндерді зерделейтін жаңа қозғалыспен тоғыстырды. Олар жеке туындыларды зерттеу кезінде көріністерді біріктіретін күрделі әдістер мен толық мағынаға сүйенетін «тыңғылықты оқу» талаптарын қолдады.

Орыс әдебиеттанушысы Михаил Бахтин ізденістерін романдардың әлеуметтік лингвистикалық мінездемесін анықтауға бағыттады. Оның пікіріне сәйкес, романдар қоршаған әлеуметтік ғаламнан бірнеше дауыстарды қабылдай алады, соны шеберлікпен адамға жеткізе алады. Мысал ретінде ғалым әр түрлі тілдесім үлгілерін қолдана отырып, қиял мен фантастика әлемін біріктіретін Чарльз Диккенс шығармашылығына назар аударды. Бахтин Диккенс кейіпкерлері бірде мысқылдап тұрса, бірде пародияға жүгінеді, ендігі кезекте өзгелерге сілтеме жасайды деген тұжырым жасады. Диккенстің әр түрлі сөздерінің (речь) және романдары формаларының интеграциясы оның романдарының гетероглоссиялық табиғатын, көпдауысты келбетін анықтауға мүмкіндік берді. Сол арқылы әр жеке үзінді шығарманың өзге бөлшектерімен тығыз байланысқан дискурстық тұтастық құрады. Нәтижесінде, Бахтин сөзімен айтқанда, «диалогизация» процесі жүзеге асады. Зерттеуші: «Шығарманы диалогты құрайтын сөз (речь) сияқты басқа біреуге жауап ретінде қарастыруға болады. Сөз күрделі шарттары мен мәдени пікір алмасу кезеңдері оқырмандарға тәрбиелік мәнде әсер ету, олардың сыни пікірлерін ескеру, сендіру сияқты жауап үлгілерін қабылдайды. Шығарма дегеніміз – тілдесім тізбегіндегі маңызды бірлік. Ол да диалогтың бөлшегі іспеттес өзге сөздермен тығыз байланыста болады...», – деп жазды (4).

Бүгінгі күні әдеби зерттеулер аясында тіл мен әдебиетті біртұтас, бөлінбейтін ұғымның бірліктері деп қарастыру заңды түсінік болып табылады. Дегенмен формализмге дейін, соның ішінде орыс формализмі мен американдық жаңа сын пайда болғанға дейін, әдеби зерттеулер тек әдебиетке қатысы бар мәселелермен шектелді. Олардың қатарында көркем шығарманың тарихи мәнмәтінінен бастап автордың өмірбаянына дейін бәрі қамтылған. Аталмыш проблемалар шеңберін тілден басқа деректер анықтады. Әдеби шығарма тілі мен оның жұмыс істеу құралдары зерттеушілер назарынан сырт қалып отырды. XX ғасырдың бас кезінде тек екі бағыт қана әдеби зерттеулерді бұл қалыптасқан стереотиптерден алып шығуға тырысты. Алғаш талпыныс жасаған философтар қатарында Эдмунд Гуссерль бастаған философтар бар. Олар білім нысанын бұзылмаған таза күйінде бөлек қарастыруға тырысты. Осы жаңа



бағыт Виктор Шкловский, Роман Якобсон, Борис Томашевский, Борис Эйхенбаум сияқты орыс формалистерінің алғашқы еңбектеріне ықпал етті. Олар үшін әдебиет әлемге айқара ашылатын терезе ретінде емес, өзіндік әдеби сипаттамасы бар бөлек дүние ретінде таныла бастады. Сол арқылы философия, әлеуметтану, өмірбаян сияқты бағыттардан өзгешеленетін әдебиеттің өзіндік ерекшелігі өзектелді. Жаңа бағыттың өкілдері әдебиет әлеуметтік тақырыптарды, пәлсапалық идеяларды, өмірбаяндық деректерді зерделейтін бағыт емес деп таныды. Керісінше, әдебиет көз тартатын және қызықтыра түсетін фреска немесе жазба секілді. Ғалымдар сол амал-тәсілдерді зерттеуге бет алды, соларды әдебиеттің ең маңызды құндылығы деп бағалады.

Келесі талпыныс идеалистік философтар тұрғысынан жасалды. Олардың арасында Бенедетто Кроче болды. Олардың ат салысуымен жаңа эстетика немесе өнер пәлсапасы деген жаңа ілім дүниеге келді. бұл барлық шындықты ғылыми әдістер арқылы білуге болатын эмпирикалық фактілерге негізделген ғылымның талаптарын жоққа шығаратын еді. Ғалымдар шындыққа өнер арқылы жетуге болады деп білді. Оның астарында коннотативті тілдік құралдар ретінде аллюзия, метафора, символизм есепке алынды. Ғылым мүмкіндігімен шектелетін бұл амалдар өнердің басты құралы делінді. Ғылым денотативті тіл арқылы берілетін тура деректерге негізделетінін басшылыққа алған жаңа сын бағытының өкілдері, атап айтқанда Клинт Брукс, Уильям К. Вимсетт, Джон Кроу Рэнсом, Аллен Тейт, жаңа эстетикалық философтардың ықпалымен әдебиетті әдеби тіл мәселелерімен байланыста талдау керек деп есептеді. Бұл тіл қарапайым практикалық тілден өзгеше әрі шындықты бейнелейтін қайталанбас құрал ретінде танылды.

Орыс формалистеріне келетін болсақ, олар әдеби тілдің жалпы сипаттамасына да, оның құрылымдық жүйесіне де назар аударды. Олар үшін әдеби тіл дефамилиризация актісі болды. Бұл жерде аталған «дефамилиризация» термині аудиторияға бұрыннан таныс заттарды өзге қырынан танытудың көркем құралы деген мағынадан бастау алды. Аталмыш тәсіл үйреншікті заттың қабылдану әсерін күшейту мақсатын көздеді. Ғалымдар: «Біз автоматты түрде қабылданатын заттарды жаңаша көруге тырысамыз», – деп атап көрсетті. Нақтырақ айтқанда, формалистер әдеби талдаудың құрылымдық ұстанымдарына қызығушылық танытты. Бұл талдау прозалық баяндау мен поэзия жанрларында екі негізгі формаға сүйеніп, жүзеге асырылды. Біріншіден, баяндау амалдарына мән берілсе; екіншіден, өлең жолдарындағы дыбыстарға назар аударылды. Формалистер баяндау әдебиетінің екі басты компоненттен тұратынына ерекше зейін қойды, олар: әңгіме арқауы болып табылатын сюжет пен оқиғалар реттілігі мен нақты орнын белгілейтін әңгіме болып табылады. Осы сияқты қарапайым айырмашылықтар анықталғаннан кейін баяндаудың өзге құрамдас бөліктерін талдауға болады деп есептелді. Мысалы: көзқарастарға, баяндау тәсілдеріне талдау жасау.

Поэзияны талдау барысында формалистік үлгі поэтикалық тіл ерекшелігіне бағытталды. Практикалық тілден өзгешелігі әдеби және әдеби емес тілдердің өрнегіндегі айырмашылықпен байқалды. Қарапайым тіл грамматикаға негізделіп, оның ережелерін ақпарат жеткізу мақсатында қолданса, поэзия тілі эвфония, ырғақ, аллитерация, үйлесімділік, қайталау секілді өзге логика заңдылықтарынан бастау алатын ережелерді алға тарту мақсатын көздеді. Метеоролог «Иберия түбегінде жауын-шашын орталық бөлігіне шоғырланған»,–деп айтса, ырғақты поэзия тілінде бұл тіркес «Испаниядағы жауын жазық жерлерге жауады» деген үлгіде көрініс табуы мүмкін. Әрине, нақтылық жағынан бұл сөйлем өзінің көздеген практикалық мүддесін толық аша алмайтыны анық. Дегенмен поэзия тілін өзге тілдерден бөлектеп тұратын бұл құралдардың көмегімен ғалымдар оны өзіндік заңдылықтарға бағынатын, қайталанбас лингвистикалық шығарма ретінде қабылдайды. Грамматикаға қарағанда, шығарманың ішкі тұтасу ұстанымдары бөлек, себебі практикалық тіл ақпараттың жеткізілуін айқындап жеңілдететін болса, поэзия тілі, Роман Якобсонның ойына сәйкес, «ұйымдасқан күш-қуатты» таныта отырып, адамға әсер етеді.

Әлем өзгерген сайын әдебиет те өзгереді деген қорытындының астарында да осы заңдылық жатыр. Әдебиет өзінен тыс жатқан идеялар мен шынайы оқиғаларға пішін бере отырып, олардың себеп-салдарлық байланысын дәйектейді. Формалистердің айтуына қарағанда, әдеби оралымдар ұзақ күтпей, тарих пен поэзия үшін таныс заттарды құбылту арқылы баяндаудың жаңа үлгілерін дамыту керек. Ғалымдар сол кезде ғана әдебиет өзіне тиісті міндеттерді атқара алады деп есептеді. Бұл өзгерістер әлеуметтік және тарихи әлемнен жырақ тұру керек деген



ұстаным басшылыққа алынды. Әлемнен тек қажет материал немесе дерек алынады деп түсіндірілді. Мысалы, Сервантестің «Дон Кихот» атты сатиралық романы – жауынгерлер мен олардың саятшылық өмірін күлкіге айналдыра отырып сипаттайтын шығарма. Кезінде мұндай шығармалар көпшілік арасында кеңінен танымал болған. Баяндаудың жоғарыда аталған үлгісі Сервантес өміріндегі немесе әлемдегі өзгерістен туындаған жоқ. Бұл әдеби эволюцияның, дамудың бір үлгісін құрады. Жаңа идея жаңа формалар мен құралдар арқылы жүзеге асырылу мүмкіндігіне ие болды.

Сонымен қатар, аталмыш Антологияда сіз, танымал аса ірі орыс формалисті Роман Якобсонның да Структурализмді қолдаған еңбектерімен таныса аласыз. Ол екі интеллектуалды қозғалыстың тарихи және әдістемелік байланысына сүйенді. Атап өтетін маңызды мәселе: формалистердің басым көпшілігі лингвистер болды. Солардың ішінде Якобсон ең ықпалды тұлға деп танылды. Ол 1920 жылы Ресейден Чехословакияға ауысты. Сол жерде 1940–1950 жылдары француз құрылымдық бағытын шабыттандырған лингвистикалық ортаның белді мүшесі болды. Структуралистердің еңбектері 1960 жылдары Францияда кеңінен танымал болды. Олар әдістемелік мүдде мен формальды лингвистика заңдылықтарын тоғыстыра отырып, мәдениет табиғатын тілдің жалпы заңдылықтарымен бірлікте қарастыру қажеттігін алға тартты. 1920 жылдары Ресейде орыс формалистерінің қозғалысы Сталиннің басшылығымен басылып тасталса да, олардың еңбектері туралы хабар Батыста тез тарады. Таратушылар қатарында шығыс еуропалық эмигранттар болды. Олардың қатарында Рене Веллек, Джулия Кристева және Цветан Тодоров сияқты әдебиеттанушылар болғаны белгілі. Кейінірек олардың ықпалымен француз структурализмі және поэтика, стилистика, нарратология секілді бірнеше сын мектептер қалыптасты. Нарратология баяндау теориясы ретінде танылды.

Айта кететін мәселе, орыс формалистік қозғалысы ғылыми және рационалды сипатта болса, келесі ірі формалистік мектеп өкілдері – американдық жаңа сын бағыты – ғылыми бағытқа қарсы әрі өнердің бейрационалды өлшемдерін қолдады. Дегенмен екі мектептің де ортақ ұстанымдары да болды. Екеуі де әдеби тілдің қарапайым тілден өзгешелігін мойындады, екеуі де әдеби мәтіндер мен олардың құрылымдарын әдеби зерттеу нысаны деп бағалады. Шығарманың авторы мен оның қай әлеуметтік топқа жататыны аса маңызды болған жоқ. Екі термин жаңа сыни мұраның еншісінде болды. Бұл әрі әдеби зерттеудің нысанын анықтау, әрі оны өмірбаян мен әлеуметтанудан бөлу әрекетінің үлгісі деп танылды. Бірі «әдейі жасалатын қате» деген ұғымды анықтаса, келесісі «аффективті қате» деген мәселемен дәйектелді. Американдық жаңа сын мектебі екеуінің ерекшелігін анықтау мақсатын көздеді. Әдейі жасалатын қатеге сәйкес, мағына көркем шығарманың сөздік өрнектелуімен айқындалды, бұл жерде автордың жеке мүддесі мен қалауы ескерілмеу керек деп есептелді. Аффективті қате аясында оқырманға әсер ететін субъективті әсерлер мен эмоционалды реакциялар тілдік немесе вербалды нысанды зерттеу кезінде ескерілмеу керек. Шығарманың тек объективті құрылымы ғана мағына кеңістігін аша алады деп тұжырымдалды.

Орыс формалистері роман секілді жанрлардың дайындалу ретімен танысуға қызығушылық танытса, «Жаңа сыншылар» жекеленген әдеби шығармаларға оның ішінде өлеңдерге баса назар аударды. «Тыңғылықты оқу» терминімен олар өз талдау әдістерін сипаттауға тырысты. Бұлай оқудың мақсаты әдеби құрылымдар мен уәждемелерді талдау емес, әдебиет универсалды шындықты қалай іске асыратынын нақтылады. Жаңа сыншылар оны «нақты универсалийлер» деп атады.

Алдында аталып өткендей, поэзия тілі қарапайым тілден өзінің шартты қолданысымен өзгешеленеді. Айырмашылық, олардың ойынша, тілдің бағалағыштық қабілетінде көрініс табады. Сол арқылы екінші деңгейлі мағыналар қалыптасады деп есептеледі. Тілдің бұл үлгідегі қолданысы поэзияның әрі нақты, әрі универсалды табиғатын айқындауға көмектеседі. Айталық, жаңа сыншылар құмыра әрі тек заттың атауы, әрі өнердегі мәңгіліктің символы бола алады деп қорытындылады. Сонымен, поэзияның мүмкіндігі қатарында нақты мен универсалды құбылыстарға тән қарама-қайшылықтарды теңестіру қабілеті ерекше бөлініп көрсетілді. Сол арқылы сөз бен мағынаның, жан мен тәннің сабақтасу мүмкіндігі қарастырылады. Бұл байланыс поэзиялық троптардың көмегімен, атап айтқанда, парадокс, ирония, метафора сияқты құралдардың қатысуымен іске асырылуы мүмкін. Олар не қарапайым заттар мен универсалды заттарды, немесе өзара сәйкес келмейтін қарама-қарсы заттарды байланыстыру



қабілетіне ие болады. Клинт Брукс Китстің «Ode on a Grecian Urn» («Грек құмырасына ода») атты өлеңін мұқият оқу сондай парадокстарды анықтауға септігін тигізеді деген ойды қолдады. Брукстің ойына жүгінер болсақ, өлең жолдары өмірсіз құмыраның ішіндегі өнерді дәріптеуге құрылған, бұл жерде өнер өмірдің өзіне қарағанда әлдеқайда жанды құбылыс деп қабылданады. Ғалымдар ғылымның денотативті тілі мұндай сипаттамаларға бара алмайды, оның эмпирикалық фактілерге негізделген сезімталдығы шектеулі деп тұжырымдайды.

Әдеби дамудың бұл кезеңі ғылыми әдістерді қолданудың шектеулі мүмкіндігін талдауға бағытталған. Сол себепті ғалымдар поэзия тілін денотативті тілмен ауыстырып қолдануға болмайды деп есептейді. Американдық жаңа сыншылар үшін метафора, ирония, парадокс сияқты әдеби құралдарды зерттеу – универсалды мағына теориясымен астасып жататын мәселелер. Орыс формалистері әдебиетті ғылыми негізде сипаттаудың құны жетпейтін сыни амалын іздеу үстінде болғанда, Жаңа сыншылар әдебиетті діни дәстүрлер мен эстетикалық құндылықтар тұрғысынан зерделуге тырысты.

Формализм әдебиетпен қоса кино, теледидар секілді мәдени артефакттарды талдаудың қалыпты әдісіне айналды. Оған көз жеткізу мақсатында Сіздерге осы бағытта дайындалған бірнеше мақалаларды ұсынамыз. Антологияның қызықты деректерінің бірі деп қабылдарсыздар.

Бақылау сұрақтары

1. Орыс формализмі қалай дамыды?
2. «Әдебиет дегеніміз – көздің жауын алатын жазба» деген тұжырымның маңызы неде?
3. Орыс формалистерінің еңбектеріндегі дефамилиризация әрекетін қалай сипаттауға болады?
4. Мазмұн мен пішін бірлігінен тұратын қандай жаңа түсінік жаңа тұжырымның дамуын дәйектеді?
5. «Американдық жаңа сынның» жаңа теориялық даму бағыттарын атаңыз.

Қолданылған дереккөздер

1. Джули Ривкин мен Майкл Райан. Әдебиет теориясы: Антология. 3-басылым. 27–31 беттер.
2. Виктор Шкловский. Искусство как прием. // <http://www.opojaz.ru/manifests/kakpriem.html>
3. М.М. Бахтин. Проблема речевых жанров.// http://philologos.narod.ru/bakhtin/bakh_genre.htm